

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ!

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№61 (2569) 11/08/2020

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «КТЖ» – @railways.kz / «КТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Азамат СЕКЕН,

ДИРЕКТОР ДЕПАРТАМЕНТА КОНТЕЙНЕРНОЙ РАБОТЫ АО «КТЖ» – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ»:

ПОГРУЗКА ИМЕННО ОРЕНТОР И ЛЮКОВЫХ КОНТЕЙНЕРОВ ЗЕРНОМ НА ЭЛЕВАТОРАХ НЕ ТРЕБУЕТ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ВЛОЖЕНИЙ. ЕЩЕ ОДИН ПЛЮС – СОКРАЩЕНИЕ СРОКОВ ДОСТАВКИ. ТАК, ПО МАРШРУТУ ТРАНСКАСПИЙСКОГО МЕЖДУНАРОДНОГО МАРШРУТА КОНТЕЙНЕРНЫЕ ПОЕЗДА ИЗ КАЗАХСТАНА В ТУРЦИЮ ДОСТАВЛЯЮТСЯ ЗА 15, ИЗ КАЗАХСТАНА В КИТАЙ – ЗА 3 СУТОК

АҚПАРАТ



АҚЫН ӨЛЕЦДЕРІН ЖАТҚА ОҚЫДЫ

10 тамыз – Абай күніне орай теміржолшылар ақын өлеңдерін жатқа оқудан жарысуда. Челлендж «КТЖ» ҰК» АҚ-на қарасты барлық бөлімшелер мен мекемелер арасында тез тарады. Теміржолшылар өлең оқуды Telegram, Instagram және Facebook әлеуметтік желілері арқылы қабылдап жатыр.

Биыл Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл. Елдегі қиын жағдайға байланысты ұлы ақынның құрметіне арналған халықаралық деңгейдегі айтулы мерекелер кейінге қалдырылды. Десек те, артына өшпестей із қалдырған ұлы ойшылдың туған күнінде әр қазақ бір-біріне рухани қолдау жасауда. Қазақстан теміржолшылары да айтулы мерекені ескерусіз қалдырмады. «Ұлы Абайды оқу – өзінді, қазақы болмысыңды тану. Абайды оқып, ойдағы сөзді, бойдағы мінді түзейміз, адамдық қасиетке ұмтыламыз» деп әлеуметтік желіде теміржолшылар арасында жарияланған челлендж көпшілік қолдауына ие болуда.

Ақтөбе жол бөлімшесі Дөң станциясы Батыс Қазақстан теміржолшыларынан эстафета қабылдаған Ақтөбе ЖТ бөлімінің қызметкері Әнуар Ішпаев:

«Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы,

Қисыннан қиыстырар ер данасы» деп бастап, эстафетаны әрі қарай Атырау және Маңғыстау жол дистанцияларына жолдады. Ал Ақтөбе станциясының қызметкері Жансая Төреғұлова:

«Есіңде бар ма жас күнің, Көкірек толы, бас күнің...» деп жалғастырды.

Теміржолшылар Абай өлеңдерін жатқа оқу Ұлы ғұламаға құрмет көрсету әрі ұрпақ тәрбиелеудің тиімді тәсілі дейді. «Абай өлеңдерін бала күнімізден оқып өстік. Тек біз ғана емес, оны әлем елдері аударып оқыды. Осындай ұлы ақынның өлеңдерін әр теміржолшы жатқа айтқаны қуантады», – дейді Ақтөбе темір жол жастарының басшысы Дархан Әнуаров.

Ардаң СЕРДАЛЫ, Ақтөбе

АКТУАЛЬНО

К ПЕРЕВОЗКЕ ЗЕРНА ГОТОВЫ

Свыше 4,7 миллиона тонн зерна перевезли железнодорожники за 7 месяцев. Из них внутри страны – 1,3 миллиона тонн, что на 2% выше к уровню 2019 года; на экспорт – 3,4 миллиона. За период январь-июль АО «НК «КТЖ» обеспечило погрузку более 1,5 миллиона тонн муки и продуктов перемолла. Вопросы организации перевозок зерна нового урожая обсуждены в ходе онлайн-совещания под председательством первого заместителя председателя правления АО «НК «КТЖ» Каната Альмагамбетова.

Асель ШАЙХЫНОВА

В совещании приняли участие представители государственных органов, АО «НК «Продкорпорация», АО «Астық Транс», зерновые трейдеры. Встреча проводилась в рамках комплексного плана по подготовке к перевозке зерна нового урожая.

Отмечалось, что по отношению к прошлому году погрузка зерна на экспорт снизилась на 1,3 миллиона тонн, в том числе в Европейское направление, страны Центральной Азии, Иран и Китай. Причины снижения перевозок – низкий урожай 2019 года, введение ограничений на экспорт из-за пандемии коронавируса и другие. При этом, погрузка продуктов перемолла имеет тенденцию роста по всем направлениям в среднем на 43%, за исключением Узбекистана.

Канат Альмагамбетов отметил, что для эффективной перевозки зерна необходима согласованность действий всех участников перевозочного процесса.

По его данным, парк АО «НК «КТЖ» готов для перевозки зерна нового урожая. Казахстанский парк крытых вагонов насчитывает свыше 13 тысяч единиц, из них около 8 тысяч находится в управлении АО «Қазтеміртранс». Парк зерновозов составляет свыше 9 тысяч единиц, из них свыше 6,5 тысячи – в управлении АО «Астық Транс».

При рациональном использовании парка, сокращая сверхнормативную задержку подвижного состава на подъездных путях грузоотправителей возможно исключить риск осеннего дефицита вагонов.

Неравномерность погрузки в течение месяца также создает искусственную нехватку подвижного состава. Ежемесячно до 5 числа суточная погрузка составляет до 60 зерновозов. Со второй декады месяца количество завозов



резко возрастает до 1200 зерновозов в сутки.

По подсчетам специалистов, для вывоза заявленного объема продукции необходимо сократить оборот вагонов. Так, если оборот зерновоза сократить на одни сутки, экономия подвижного состава достигнет 550 зерновозов.

Чтобы увеличить скорость передвижения, КТЖ готово формировать маршрутные поезда (зерновые и мучные шаттлы) на Узбекистан и в страны Центральной Азии.

Также реализуется комплекс различных мероприятий, направленных на поддержку грузоотправителей, осуществляющих перевозки сельскохозяйственной продукции. Так, на 2020 год установлены скидки к действующим ставкам Тарифной политики СНГ на перевозку зерновых грузов и муки из Казахстана транзитом по территории Узбекистана.

С 1 марта до конца 2020 года установлены

скидки при перевозке пшеницы и муки в вагонах, независимо от их принадлежности, в Афганистан транзитом по территории Узбекистана.

По традиции, для оперативного решения вопросов, связанных с организацией перевозок зерна, с 1 октября приступил к работе штаб по организации перевозок зерна в центральном аппарате компании под руководством первого заместителя председателя правления АО «НК «КТЖ». При Акмолинском, Костанайском, Мангистауском отделениях будет организована круглосуточная работа оперативных зерновых групп.

Завершая совещание, Канат Альмагамбетов отметил, что со своей стороны АО «НК «КТЖ» примет все возможные меры, направленные на обеспечение заявок грузоотправителей в полном объеме.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ТРАНЗИТ

ҚҰРЛЫҚ АРҚЫЛЫ ДА, ТЕҢІЗ АРҚЫЛЫ ДА ӨСІМ БАР

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының «KTZ Express» АҚ еліміздің порттық инфрақұрылымын, қоймалар мен терминалдарды пайдалана отырып, барлық қатынас түрі бойынша келіктік-логистикалық қызметтің толық спектрін ұсынып келеді. Компания ел аумағы арқылы өтетін барлық бағыттар бойынша көлемді арттыруға бағытталған үздіксіз жұмыс жүргізуде.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Тіпті, әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға қарамастан қантар-маусым кезеңінде Қазақстан аумағы арқылы барлық бағыттар бойынша транзиттік контейнерлік тасымалдардың өсуі байқалып, өткен жылдың алты айымен салыстырғанда 54%-ды құрады. Бүгінгі таңда Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзиттің 88%-ын Қытай – Еуропа-Қытай бағыты құрап отыр. Статистика деректеріне сүйенсек, баламалы дәлізге қарағанда ҚР аумағы арқылы өтетін дәліз қытайлық экспорттаушы-импорттаушылар үшін аса тиімді болып отыр. Жыл басында Қытайда коронавирустың өршуіне байланысты елімізде транзиттік тасымал көлемі бірнеше есе құлдырап кеткен еді. Алайда, наурыз айында жағдай қалыпқа келе бастады. Екі-үш ай ішінде межелі жоспарды қуып жетіп, тіпті асыра орындалды. Яғни, 2020 жылдың 6 айында жедел деректер бойынша тасымалдау көлемінің өсімі 96% құрады. Қазақстан арқылы өтетін контейнерлік бағдарлар ресейлік нарықта да жоғары сұранысқа ие болып отыр. Айталық, Қытай – Ресей – Қытай бағыты бойынша тасымал көлемі ағымдағы жылдың алты айында 22 мың жиырмашақты эквивалент шамасын құрап, өсім



өткен жылға қарағанда 45% болды. Мультимодальды компания мамандардың ұсынып отырған дерек, Қытай – Орталық Азия бағдары бойынша да тасымал көлемінің жылдан жылға артып келе жатқаны байқалады. Мәселен, жыл басынан бері аталған бағдар бойынша 106,8 мың ЖФЭ жүк тасымалданып, өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда өсім 32% құрады. Атап өтерлігі, Алтынкөлден Ташкентке дейін контейнерлік пойыздың жүру уақыты 1,5-2 күнді құраса, Қашқардан Ташкентке дейінгі балама мульти-

модальды бағдар арқылы жол жүру уақыты 4 күнді құрайды. Мамандардың айтуынша, Орталық Азия елдерінен бағдар бойынша жоғары сұранысқа не сервистердің бірі температуралық режимге сезімтал жүктерді тасымалдау болып отыр. Ал KTZ Express климаттық режимі бар арнайы контейнерлерді жеке паркін басқарып, жалға берумен де айналысады. Бүгінде Компанияның операциясында 430 рефрижераторлық контейнер бар. Осы арада бұл сервис түріне қатысты қызмет көрсетілімі Қытай мен Еуропа, Қытай мен

Ресей арасындағы маршруттарда сәтті жолға қойылғанын айтар едік.

«KTZ Express» АҚ Транскаспийлік халықаралық көлік бағдары (ТХКБ) бойынша да жүк тасымалын жүзеге асыруға айрықша ден қойып отыр. Нәтижесі же жоқ емес. Мәселен, ТХКБ бойынша жыл басынан бері тасымал көлемі 3,2 мың ЖФЭ-ні немесе 17% өсімді құраған. Шын мәнінде, ТХКБ теңіз порттары арқылы жүктердің бірнеше мәрте қайта тиелуін талап ететін, Әзербайжан, Грузия, Түркияны байланыстыратын күрделі мультимодальды бағдар. Сондықтан мультимодальды компания үшін теңіз көлігі арқылы жүк тасымалдау аса маңызды.

Контейнерлік тасымалдар өсімінің негізгі факторларының бірі ретінде өткен жылы Каспийдегі тұрақты фидерлік желінің іске қосылуын атап едік. Кеме қозғалысының қатаң кестесі бар: әр сәрсенбі сайын жүк Ақтаудан жөнелтіледі, әр сенбі сайын Бакудан жөнелтіледі. Бұл вагондар мен контейнерлер айналымын оңтайландырып, жеткізу мерзімін шашпандатады.

Бұл тасымалдардың логистикалық тізбегі «KTZ Express» АҚ тарапынан әзірленіп, «КТЖ» ҰК» АҚ басқаруындағы Ақтау және Құрық қазақстандық порттарының инфрақұрылымы арқылы жүзеге асырылуда.

Әлем елдері сандық жүйеге көшкен қазіргі заманда аталған компания да клиенттерге мейлінше жедел және оңтайлы қызмет көрсету үшін барлық бизнес-процестерді автоматтандырып отыр. Компания жеке кабинетті іске қосып және mu.ktze.kz сайтында клиенттер үшін транзиттік кодтарды алуға өтімді орналастыру кезінде жеңілдіктер ұсынып отыр. Жеке кабинетті мүмкіндіктеріне келсек, ол тек тасымалдауға өтім беріп қана қоймай, сонымен қатар жүктердің орналасуы мен тапсырыс тарихын бақылауға мүмкіндік береді.

НОВОСТИ

СТАБИЛЬНЫЙ РОСТ

Объем перевозок на сервисах совместного предприятия железных дорог Казахстана, Беларуси и России – АО «ОТЛК ЕРА» – за семь месяцев достиг 277,6 тысячи ДФЭ, что на 67% превышает показатель аналогичного периода минувшего года.

В июле компанией поставлен новый рекорд по объемам контейнерных перевозок из Китая в Европу и обратно. Так, на транзитных сервисах АО «ОТЛК ЕРА» по итогам перевезено 54,2 тысячи ДФЭ, или на 76% больше, чем в июле 2019-го.

Демонстрируют 80-процентный рост – до 15 тысяч ДФЭ – перевозки грузовых контейнеров из Европы. В то же время вдвое выросло количество грузов из Китая – в июле в направлении Европы проследовало 36 тысяч ДФЭ грузовых контейнеров.

Всего с начала года через сервисы ОТЛК ЕРА пропущено 2892 поезда.

– Июльский рекорд по объемам перевозок был достигнут в том числе благодаря новым технологическим решениям, разработанным совместно со службами движения КТЖ, РЖД и БЖД. В частности, в прошлом месяце согласован новый маршрут следования поездов через пограничный переход Озинки – Семилыкий Мар, благодаря чему пропускная способность транзитного коридора увеличилась еще на три пары поездов в сутки, – отметил генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром. – Увеличился объем транзитных перевозок через терминалы Калининградской железной дороги. В июле мы вошли в график отправки/прибытия не менее одной пары поездов в сутки.

По его мнению, ключевая задача на август и последующие периоды – удержать достигнутую динамику роста и создать резервы для повышения пропускной способности транзитного коридора.

– Есть очень хороший уровень коммуникаций с партнерами и клиентами, а также большое желание преодолеть рубеж в 500 тысяч ДФЭ на нашем коридоре по итогам 2020 года, – заключил Алексей Гром.

Любовь РОВБА

ПО НОВЫМ СТАНДАРТАМ

Новые стандарты обслуживания пассажиров на вокзалах и поездах примут председатель Комитета автомобильных дорог Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК Сайранбек Бармаков.

– Разрабатывается Концепция закона о железнодорожном транспорте, направленная на развитие здоровой конкуренции на рынке железнодорожных перевозок путем создания равных условий для перевозчиков грузов, – сказал Сайранбек Бармаков на брифинге в Службе центральных коммуникаций.

Принятие данного закона запланировано на 2021 год.

– Кроме того, будут приняты новые стандарты обслуживания пассажиров на вокзалах и в поездах, что благоприятно повлияет на качество перевозок пассажиров железнодорожным транспортом, – заверил он.

Сайранбек Бармаков также сообщил, что на обновление парка подвижного состава предусмотрено выделение 657 миллиардов тенге.

– До 2025 года планируется снизить износ магистральной железнодорожной сети до 49% и локомотивов до 58%. Также будет продолжена работа по субсидированию социально значимых межобластных сообщений. На эти цели выделено 20 миллиардов тенге, – отметил он.

К тому же, по словам спикера, планируется приобрести 600 вагонов и 144 локомотива.

– В текущем году приобретено 50 вагонов, на которые было выделено 20 миллиардов тенге. Дополнительно 20 миллиардов на приобретение 50 единиц вагонов будут выделены при ближайшем уточнении республиканского бюджета, – дополнил Сайранбек Бармаков.

Аула ТЛЕУБАЕВА

ЦИФРА НОМЕРА

ЗА ЯНВАРЬ-ИЮЛЬ АО «НК «КТЖ» ОБЕСПЕЧИЛО ПОГРУЗКУ БОЛЕЕ

1,5 МЛН ТОНН

МУКИ И ПРОДУКТОВ ПЕРЕМОЛА

ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚАЛЫПТЫ НОРМАДАН АСПАҒАН

Көлік тасымалы – ел эконикасын дамытудың маңызды тетіктерінің бірі. Алайда, оның қоршаған ортаға тигізетін зияны да жоқ емес. Дегенмен елімізде табиғатты қорғай отырып, теміржол саласын жандандыру қатар жүргізіліп келеді.

Шымкент магистральдық желі бөлімшесі НЖС-9 берген мәліметке сүйенсек, алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша табиғатты қорғауға бағытталған жұмыстар мен қаржы 100 пайыз игерілді. Атмосфераға жіберілген лас қалдықтар жоспар бойынша 33,9137 тонна болса, жіберілгені 21,9137 құрады. Бұл қалыпты нормадан аспағанын білдіреді. Ал ластайтын сұйық заттарды төгу жоспар бойынша 0,315 тонна болса, орындалғаны 0,246 тоннаны құрап, көрсетілген норманың шегінен аспады.

Бөлімше бойынша КТСМ құрылғысының жұмысы өткен жылғымен салыстырғанда өнімділігі артқан. Биыл аталған құрылғы арқылы бақылауға алынған 126771 пойыздың саны 4 бірлікке ғана азайыпты. Ал тоқтатылған пойыздың саны өткен жылғымен салыстырғанда керісінше 29 бірлікке көбейген. Пойыздардың тоқтап қалуы – 16 сағат 23 минутты құрап, өткен жылғымен салыстырғанда 11 сағат 43 минутқа артық шықты.

Теміржолшылар ШЧ-37, ШЧ-38 дистанцияларындағы КТСМ құрылғысының жұмысын жақсарту үшін барлық шараларды қолға алды. Атап айтқанда, КТСМ учаскесінің айналасындағы жерді тегістеп, ревизия жүргізді. COVID-19 байланысты жарияланған карантиннің ережелері мен нормаларын сақтай отырып, ВЧДЭ-30 және станция жұмысшыларының қатысуымен техникалық жаттығулар өткізілді.

Жан ПЕРДЕБЕК, Түркістан

ҚАУІП-ҚАТЕР АЗ ЕМЕС

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ісесіз малдың бейсауат жүрген адамның жолға шығып кетіп, машинистердің жедел тежегіш қолдануы азаймай тұр.

Қызылорда жол дистанциясының жолшылары жыл басынан бері қауіпсіздік шараларын қатаң ұстанып келсе де түрлі себептердің салдарынан телімінен өткен жылжымалы құрам машинистерінің 8 мәрте жедел тежегіш қолдануы тіркеліпті. Бұл көрсеткіш өткен жылы 11 рет тіркеліп, сөйкес мерзіммен салыстырғанда 3 жағдайға азайған десек те, жолшыларды алаңдатып отыр.

– Темір жол – қауіпті аймақ. Ол жерде бей-берекет жүруге, жол бойын жағалай мал бағуға және рельс үстіне бөгде заттар қоюға мүлдем болмайды. Бұл маңнан өткенде балаларды қараусыз қалдыруға болмайды. Көктемгі-күзгі егін жұмыстары, сенбілік кезінде және ауа-райы температурасының жоғары жағдайында өрт қауіпсіздігі ережелері мен санитарлық-экологиялық норма талаптарын қатаң сақтау екендігін жергілікті тұрғындарға әр кездескен сайын қайталап айтудан жалықпаймыз, бірақ бірі құлақ асса, бірі құлақ аспайды, дегенмен біздің міндетіміз – қауіпсіздіктің сақтауына қатысты күресті тоқтатпаймыз, – дейді Қызылорда жол дистанциясы техникалық бөлім инженері Ахметқали Елеусинов.

Дистанцияда ісесіз малдың жолға шығып кетпеуі үшін малға қарсы сым қоршауларға күнделікті жөндеу жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Жергілікті әкімшіліктен, ЖІБ өкілдерімен бірлесіп рейд, насихат жұмыстары қолға алынған. Мәселен, ЖІБ бөлімінің полиция өкілдерімен бірлесіп жыл басынан бері 67 рет рейд ұйымдастырылып, жергілікті тұрғындарға теміржолдың аса қауіпті аймақ екендігін түсіндіру жұмыстары жасалыпты. Сонымен қатар 17 күзетпелі теміржол өткелінде де 197 рет рейдтік тексеру жүргізіп, 4240 автокөлік иелеріне жол жүру, өтпеден өту ережелерімен таныстырған.

Азамат ҚҰЛЫМБЕТ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

ЖОСПАРҒА САЙ ЖҮРУДЕ

Өлке теміржолының дамуына өз үлесін қосып келе жатқан саланың бірі – Атырау электрмен жабдықтау дистанциясы. Бүгінгі таңда дистанция 736,3 километр жол бойын қамтиды және 6 аудандық, атап айтқанда, Атырау, Аққыстау, Ганюшкино, Мақат, Сағыз, Құлсары желісі, 3 көмекші, 41539 киловольттық трансформаторлық станциясы бар.

Дистанция 35,6 километр 1000 вольттық кабель желілерін, оның ішінде 152,8 километр төменгі вольтты желіні, 63 прожектор мұнарасын пайдаланады. Өндіргі теміржол мекемелерімен қатар дистанция балансында көптеген елді мекендер мен сауда нүктелері де бар, ондағы абонентер саны 7 мыңнан асады. Осы нысандарды да жарықпен қамтамасыз етуде дистанцияның атқарар жүгі қомақты.

Соңғы жылдары ӨЧ-4 құрылымына кіретін жоғарыдағы 6 аудандық электр желілік бөлімшелерінде электр энергиясын коммерциялық жолмен есептейтін автоматтандырылған ақпараттық-өлшегіш жүйелер (АСКУЭ) жобасын енгізу бойынша жұмыстар жасады. Бұл жобаны қолданысқа енгізу жоғарыда аталған аудандар бойынша электр энергиясын есептеу құралдарынан мәліметтерді электрондық жинақтауға және оларды ғарыш терминалдары арқылы елордадағы электрмен жабдықтау орталығының қабылдау қондырғыларына тікелей жіберуге, жеткізілетін және тұтынатын электр қуатын дәл өрі жедел анықтауға, беру және тарату кезіндегі шығын дәл анықтауға, өлшеудің сандық технологиясын қолдануға мүмкіндік береді.

«Ток көзімен қамту – үздіксіз және тұрақты. Атырау дистанциясында жыл сайын электр қондырғыларына мезгілінде және сапалы техникалық қызмет көрсетіледі. Олар сынақтан өткізіліп отырады. Электр энергиясын тасу желілеріне ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізіледі, сонымен қатар жоспарлы алдын алу шаралары үнемі атқарылады. Бұл істердің барысында еңбек қорғау ережелерін сақтауға ерекше көңіл бөлінеді. Қондырғыларды өндірістік пайдалану, жөндеу кезіндегі жұмыс қауіпсіздігі ғана емес, қауіп туғызатын мүмкіндіктердің өзін мейлінше болдырмау маңызды міндет саналады. Ол үшін жұмыс істейтін адамдардың еңбек қауіпсіздігін сақтауға, жұмыс орнында қауіпсіздікке қажет алғышарттарды көздейтін арнаулы жоспар жасалады», – дейді дистанция директоры Қ.Тынымов.

2020 жылғы жарты жылда дистанция Атырау-Мақат-Сағыз, Атырау-Д.Нұрпейсова, Мақат-Құлсары-Бейнеу аралықтарындағы станцияларды және құрылғыларды ток көзімен тұрақты қамтамасыз етіп келді. Қазіргі уақытта осы аталған жоғарғы вольтты ток желілерін жоспарлы жөндеу жұмыстары: бағандарды, траверстерді, изоляторларды тазалау, әуе желісі сымдарын қайта тарту және ауыстыру жүргізілуде. Атырау станциясындағы 368Ш, 361Ш, 302Ш, 7Ц, 464Д, АБ ПЭС, жолсеріктер резерві нысанындағы әуе желілерінің темір бөтанды және ағаш бағандары да басымдықпен ауыстырылуда. Сондай-ақ, Д.Нұрпейсова, Исатай, Афанасьев бекеттеріндегі тақ және жұп қылтақтарда КТСМ құрылғыларын тоқпен қамтамасыз ететін РЛНД-10кВ ажыратқыштары да жаңартылып, Аққыстау станциясында 4,5 шақырымдық ЭД әуе желісі сымдары ауыстырылған. Жалпы, электрмен қамту бағытында мекеме ескерту алмай келеді. Ағымдағы жылдың алғашқы жарты жылын да табысты қорытындылады.

Қосқұым МУҚАШЕВ, Атырау

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

САПАҒА – СЫН КӨЗБЕН

Шығыстағы Семей жол дистанциясының жолшылары карантиндік жағдайға қарамастан желі бойында қарқынды жұмыс жүргізуде. Жыл басында құрылған әдістемелік комиссия мүшелері қазір шалғай станциялардағы жолшылар қосындарында болып, околоткалардағы жұмыстардың жүру барысын пысықтауда.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Аталмыш шаралар алдағы күзгі комиссиялық тексеру қарсаңына орай ұйымдастырылып отыр. Желі бойындағы жұмысты қауіпсіз әрі жүйелі жүргізу мақсатында 2015 жылдың наурыз айында ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің «Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік ережелерін бекіту» туралы №334 бұйрығы жарияланғаны белгілі.

Осы орайда Семей жол дистанциясы басшысы Рахат Ботаспаевтың бастамасымен арнайы комиссия құрылып, желі бойында толыққанды тексеру жүргізілуде. Бұл шара алдағы күзгі байқауға орай жүзеге асырылып жатқан аса көлемді қадағалау-бақылау және даярлық болып саналады.

– Бірінші кезекте желі бойындағы «Қауіпсіздік күніне» орай арнайы кесте әзірледік. Ол бойынша тексеру жұмыстарына өрттен сақтанудан бастап, өндірістік көрсеткіш, еңбек қауіпсіздігіне дейінгі аралықтағы жұмыстар кіреді, – дейді осы комиссияның төрағасы, ПЧ-39

мекемесінің бас инженері Мырзабек Керейбаев.

Биыл аталмыш дистанция бойынша күрделі және орташа жөндеу жұмыстары өткізілмейді. Сондықтан да, мұндай тексеру, қадағалау жұмыстарына айрықша басымдық беріліп отыр. Қазіргі күні комиссия құрамында еңбекті қорғау бойынша жетекші инженер Гүлзамира Елемесова мен кәсіподақ ұйымының төрағасы Жексенбай Жолдобалинов тығызғысты жұмыс жүргізуде. Бұл ретте жолшылар қауымының тілек-өтініштері тыңдалып, материалдық қажеттіліктері түгелделуде.

Осы шара аясында дистанцияға қарасты Локоть-Семей, Дегелең-Жаңа-Семей бағытына қызмет көрсететін жалпы көлемі 261,7 шақырымдық желі бойын толық қамтылуда. Жол шаруашылығы басшыларынан құралған комиссия аз уақыт ішінде бірқатар жайттарды анықтады. Мәселен, бір гана ай ішінде рельстік дефектоскопия құрылғысы арқылы рельстің 10-ға жуық кінараты анықталыпты. Ал, өткен жылдың есепті мерзімі ішінде 14 ақау тіркелген болатын. Демек, жолшылар қауымы биыл жол күтіміне айтарлықтай зор мән бер-

генін байқауға болады. Әрине, бұл жерде осы ПЧ-39 мекемесіне тиесілі 16 дефектоскопиялық тележка операторлары тексеру жұмыстарына елеулі үлес қосып отырғаны белгілі.

Дистанция басшылығының айтуынша, өткен 7 ай бойынша осындай тексеру жұмыстары аясында анықталған жайттар толық тіркеліп, оны жою үшін арнайы жоспар құрылуда. Бірінші кезекте, жекелеген телімдер бойынша жолдың балдық көрсеткішін жақсарту, жөндеу жүргізілуі тиіс кума жолдар көлемін анықтау, жол шеберлерінің атқарылған жұмыстар мен қозғалыс қауіпсіздігі мақсатындағы жасалынған жұмыстар жайлы хабарлама-сын тыңдау және осы бағыттағы ұлттық компанияның нормативтік актілерінің орындалу барысын қадағалауға алу тұр. Бұл ретте мекеменің бас инженері мен директор орынбасарлары желі бойындағы жолшылар қауымымен ақпараттандыру жұмыстарын өткізуде. Ал, анықталған фактілерге орай арнайы хаттама толтырылып, кейбір мамандарға ескерту жарияланды. Сондай-ақ, орын алған ескертпелерді жою мерзімі белгіленді. Ендігі аралықта өткізілетін мұндай шаралар тіптен қатаңдатыла түседі. Оған себеп, күзгі байқауды мүмкіндігінше кемшіліктерсіз өткізу болып отыр.

Сонымен қатар, тексеру аясында қазіргі күннен бастап алдағы қысқа даярлық жұмыстары да жан-жақты қадағалануда. Осыған орай, қатты отын жеткізу және жылыну үйшіктерінің жөндеуден өткізілуі бірінші кезекте назарға алынып отыр.

Суретті түсірген автор

АҒЫМДЫҚ ЖӨНДЕУ

ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА КҮТІМ ҚАЖЕТ

Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру мақсатында байланыс құрылғыларының жұмыстан тыс қалмауын қадағалап, оларға уақытылы ағымдық күтім жасап, үнемі бақылап отырады.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қазалы

Бүгін дистанция теміржолшыларының станцияның солтүстік алқымындағы байланыс құрылғыларына кезекті ағымдық күтім жасауға кірісіпті.

Кәсіби теміржолшы Ғани Ысқақов басқаратын ұжым, ең бастысы, қазіргі эпидемиялық жағдайға байланысты сақтық шараларын назарда ұстайды. Ағымдық күтім жұмысы дистанцияның аға электромеханигі Досан Нұржаубаевтың басшылығымен Қуаныш Әмитов



және Сәкен Аңсабаев тарапынан матчталы НМ8 бағдаршамына жасалуда екен. Электромеханиктер Сәкен мен Қуаныш матчталы бағдаршам бағанасына саты арқылы шығып, бағдаршамның жарық көрінісін тексеріп, ток көзінен беріліп тұрған электр қуатының кернеуін өлшеп, құрылғының бірқалыпты жұмыс жасауы үшін тексеру жүргізіп, бақылаудан өткерді.

– Байланыс құрылғыларын кезек-кезегімен тексеріп, олардың жұмыстан тыс қалмауына бақылау жасау – біздің кәсіби міндетіміз. Бағдаршамдар бекітілген кесте бойынша тоқсан сайын технологиялық жағдайына байланысты

тексеріліп, ағымдық күтімнен өткізіледі. Немесе орын алған тосын жағдайға байланысты кезектен тыс тексеріліп, анықталған ақау дер кезінде орнына келтіріледі. Ағымдық күтім барысында электромеханиктер бағдаршам жарығының қажетті аумаққа жарық беруін тексерді, бағдаршамға беріліп тұрған электр қуатының кернеуін арнайы құрылғымен өлшеп тексеруден өткізді. Әзірге бағдаршам жұмысында кінәрат жоқ, құрылғылар күтімі мінсіз болса, қозғалысқа да кедергі жоқ, – деді электромеханиктердің жұмысын бақылап тексеріп жүрген аға электромеханик Досан Нұржаубаев.

Ең бастысы, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтап, дистанция телімдерінен жылжымалы құрамдарды кідіріссіз өткізуді мақсат тұтқан теміржолшылар, әрине, құрылғылармен жұмыс жасағандықтан ең бірінші техникалық қауіпсіздікті сақтауды назарда ұстайды. Сондықтан құрылғылармен жұмыс кезінде кемінде екі-үш адамнан топ құрып жұмыс жасайды. Қазіргі эпидемиялық жағдайға байланысты одан артық топтасуға рұқсат жоқ.

Қазалылық байланысшылар ағымдағы жылдың алғашқы жартыжылдығында жаман жұмыс істеген жоқ, барлық жұмыстар кестеге сай атқарылуда, дистанциялық кінәсінен құрылғылар күтімінен қозғалысқа кедергі келген жоқ.

Суретті түсірген автор

СЕРВИС

ЖОЛАУШЫ ВАГОНДАРЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«Вагонсервис» АҚ-ның жолаушы вагондарын жөндеу жөніндегі Батыс филиалына қарасты бірнеше цехтың бір күндік жұмысымен таныстық. Жолаушылар вагондарын біртұтас техникалық тексеруден өткізу цехы, жолға шығуға дайындалып жатқан жолаушылар вагондарын техникалық күтімге алу цехы және вагон жуу цехында сапалы қызмет ұсыну үшін қандай жағдайлар жасалғанын көзбен көріп қайттық.

Ардақ ЕРҮБАЕВА,
Ақтөбе

Техникалық паркте вагондарды жолға дайындап жатқан теміржолшылар жұмысы тоқтаусыз жүреді. Әр қызметкердің өз жұмысы бар. Қозғалыс қауіпсіздігінде кемшілік жібермеу – ортақ міндет.

Техникалық парк басшысы Әкімжан Бабаханов өндірістік жұмыс үдерісімен таныстырды.

Цехтағы жұмыс күні әдеттегідей таңғы сағат 9:00-де басталғанымен вагон жуу орталығы жылжымалы құрам келгеннен бастап, тазалық жұмыстарына кірісіп кетеді. Бұл жолы №24 «Ақтөбе-Алматы» бағытындағы пойыз таңғы сағат 7:30-да келіп, жуу цехына кіріп шыққан. Автоматтандырылған орталықта жұмысшы күші қолданылмай-ақ вагондар толық тазаланды өтеді. Орталық филиалдың басты ерекшелігі –1997 жылдан бастап тоқтаусыз жұмыс жасап тұрған автоматтандырылған вагон жуу қондырғысы бір күнде 50-60 вагонды тазалықтан өткізеді. Жуу орталығынан шыққан вагондар техникалық тексерістен өтеді. Жылжымалы құрамның келесі сапа-



рына дейін мінсіз болуға тиіс.

«Жолаушыларды тасымалдау пойызының барлық техникалық тексерісін қараймыз. Қазіргі уақытта карантин шараларына байланысты вагон саны қысқарды. Жолаушылар пойызында 11 вагон ғана бар. Осыған дейін айтылып жүргендей, құрамда мейрамханалар жоқ. Бұл пойызға техникалық тексерістер таңғы сағат 9-да басталып кетті.

Пойыз сағат 12:30-да толық дайын болады. 14:00-де жүріп кетеді», – дейді техпарк басшысы Әкімжан Бабаханов.

Цех ауласы қарбаласқан тірлік. Доңғалақтар жөндеуге тиеліп жатыр, жұмысшылар доңғалақ қойылатын тіреуіштерді бекітуде. Жолға шығуға дайындалып жатқан жолаушылар вагондарын техникалық күтімге алу цехында рейс алдындағы тексерістер

жасалып жатыр. Қызметкерлерге арналған оқу-жаттығу алаңы да осы жерде. Арнайы техника бөлшектерінің сызбасымен жабдықтаған бөлмеде аптасына екі рет техникалық сабақ өтеді. Ақаумен келген титан, дөретхана, есік-терезе барлығы осы цехта жасалып, жөндеуден өтеді, кем-кетігі түзетіледі.

«Қазір жөндеу жұмыстары бірқатар жеңілдеді. Бұрынғыдай генератор жалпап жүрмейміз. Үш моторлы дизельді вагон тоқ беріп тұрады. Барлығы осы дизельді вагоннан алынады. Жарық, мұздатқыш, кондиционерге тоқ береді. Жылу да осы дизельді вагоннан алынады», – дейді цех жұмысшына бақылау жасап жүрген филиал ревизоры Тілеу Айдарқұлов.

Филиалда вагон тербелісін реттейтін арнайы цех та бар. ЭНГА техникасы арқылы вагон қозғалысы реттеледі. Цех шебері Айтуған Байшевтің айтуынша, тербеліс қондырғысының да пайдалану мерзімі бар. Бұл техниканың салмағының өзі 18 келі. Тексеріс кезінде май құйылып, арнайы компьютерлік жүйе арқылы оған вагон тербелісін береді. Осылайша оның жарамдығы тексеріледі. Автоматтандырылған компьютерлік жүйе арқылы бір қондырғыны тексеруге 56 минуттай уақыт кетеді. Цех ауласына жабдықтау бақылау үшін арнайы күзет те қойылған. Жұмысшылар беттерде киіп, барлық қауіпсіздік шаралары сақталған.

Суретті түсірген автор

ПУТЕВЫЕ РАБОТЫ

КАПРЕМОНТ НА ПЕРЕГОНАХ

На железнодорожном участке разъезд 117 – Атасу Карагандинского отделения магистральной сети проводится капитальный ремонт пути.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Как отметил начальник 117 разъезда Нурмухамед Рахимбеков, на сегодняшний день отремонтировано 39 километров пути. Строительные работы осуществляются с июля текущего года.

– Капитальный ремонт пути по сравнению с другими видами ремонта является наиболее сложным по своей технологии. При его выполнении используются высокопроизводительные машины для разборки

и укладки пути отдельными блоками, – говорит он. – Как правило, в этот период применяется принцип комплексного производства работ на перегоне в окна. В минувший четверг было применено шестичасовое окно. В связи с этим на путях устанавливали запрещающие красные щиты. Все работы проводятся по плану, уложены 25-метровые решетки и 800-метровые бесстыковые плети.

На 117 разъезде проживает всего 10 семей, то есть около 80 человек.

Фото автора



СЕРВИС

ОЦЕНКУ ДАЕТ ПАССАЖИР

Пандемия внесла определенный отпечаток в работу железнодорожного транспорта, в том числе пассажирских перевозок.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В пути следования и после каждого рейса в вагонах проводится уборка с применением дезинфицирующих средств, все работники обеспечены средствами индивидуальной защиты, соблюдается масочный режим, проводники измеряют пассажирам температуру. Также в АО «Пассажирские перевозки» особое внимание уделяют обработке постельного белья. К слову, в целях улучшения сервисного обслуживания еще в прошлом году в пассажирских поездах был внедрен новый стандарт экипажировки.

Как правило, в разгар лета практически невозможно достать билеты на поезд №13/14 сообщением Алматы – Достык, хотя он состоит из двадцати вагонов.

Начальник поезда Асхат Абдрахманов работает более двадцати семи лет в пассажирских перевозках. В филиал «Южный» АО «Пассажирские перевозки» он пришел в 1993 году, ездил по маршруту Алматы – Ленинград, а в 2003-м, после учебы стал начальником



поезда направлением Алматы – Петропавловск, Алматы – Жезказган. А вот уже восемь лет возглавляет поезда бригаду по маршруту Алматы – Новосибирск.

